

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

«АБАЙДЫҢ
АҚЫНДЫҚ МЕКТЕБІ»

халықаралық ғылыми-теориялық конференция
материалдары

10 желтоқсан 2013 жыл

Алматы
«Қазак университеті»
2014

МАЗМҰНЫ

Дәдебаев Ж. Абай және Құран	3
Әбдиманұлы Ө. XX ғасыр басындағы қазақ поэзиясындағы Абай дәстүрі	19
Қазыбек Г. У. Шекспирдің «Гамлет» шығармасы Х. Ерғалиевтің аудармасында	27
Ысқақұлы Д. Физули қазақ тілінде	32
Бисенғали З.К. Шәкәрім және қазақ прозасы	47
Uli Schamiloglu “Approaches to Foreign Language Instruction in the United States and Europe” Подходы к иностранным языкам в Соединенных Штатах и Европе	52
Funda Guven Derin İslami özçulügün Üç ayrı görüntüsü: klasik, kültürel Ve yeni-özçüler	59
Джуанышбеков Н.О., Исмаилова Ф.Е. Типология творчества Пушкина и Абая	81
Темирболат А.Б. Категория хронотопа в лирике Абая	88
Пірәлі Г. Тәуелсіздік кезеңіндегі абайтану мәселелерінің зерттелуі	104
Авакова Р.А., Иманалиева Ф.К. Абай өлеңдері – ұрпақ казынасы	111
Үмбетәев М. Абай және әнші ақындар	118
Мектеп-тегі А. Абай әдістемесі	130
Дәрібай С. «Баста таза жаратты, сен таза бол...»	143
Жүсіпова А. Шәкәрім шығармаларындағы елдік, ұлттық мәселелер	151
Мәдібаева Қ. Шәкәрімнің қазақ өлеңі туралы қайсыбір пікірлері	160
Қожағұлов С.Қ. Қайым Мұхаметханов және Абай мұрасының мәтінтану мәселелері	168
Қожағұлов С.Қ. М. Әуезов – Абай мұрасының мирасқоры	180
Жанұзақова Қ.Т. Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармашылығындағы көркемдік ізденістер	187
Мәдібай Қ., Картабаева А. Абайдың поэмалары	194
Мәдібай Қ., Картабаева А.Т. Абай поэзиясын зерттеудегі тын өріс	205
Түсіпхан Н. Ғаббастанудың қайнар көзі	214

Конырбаева А. Қожа Ахмет Ясауидің ауыз әдебиетіне тигізген әсерін зерттеудің кейбір мәселелері	221
Алтынбекова Ә. Қожа Ахмет Ясауи хикметтерінің казак қоғамындағы орны	227
Алтынбекова Ә. Қожа Ахмет Ясауи және фольклор: ауыз әдебиетіне тигізген әсерін зерттеудің кейбір проблемалары	232
Оспанова Г. Абай және Әлихан	238
Бостанова Ә. Абай мен Шәкәрім арасындағы рухани сабақтастық	242
Қыдырбай М. Зәки Ахметов Абайдың аударма шығармалары туралы	245
Нұрбекова Қ. Абай заңдарындағы әйел құқығы	252
Мінәйхан С. Қатқаман-Мамыр	254
Альжанова А. Шәкәрім Құдайбердіұлының рухани мұрасы	263
Қыдырбай М. Абай мен Шәкәрім шығармаларындағы үндестік	271
Момынова М. Шәкәрімнің тілдік поэтикасы	273
Тілеубергенова Б. Шәкәрім поэзиясындағы троптар	275
Жұмабекова З. Шәкәрім поэзиясының тілдік ерекшелігі	279
Женісқызы Ш. Шәкәрім Құдайбердіұлының «Насихат» өлеңі	282
Лесханқызы Б. Шәкәрім Құдайбердіұлының «Үш анық» еңбегі	286
Ебелекбаева Ә. Шәкәрім және Алаш қозғалысы	289
Ахмет А. Шәкәрім Құдайбердіұлының «Мұсылмандық шарты» еңбегі	292
Үкібаева М. Шәкәрім Құдайбердіұлының «Әділ-Мария» романы	294
Қару Н. Шәкәрімнің бунақ кұрудағы шеберлігі	296
Біләлова Д. Шәкәрім Құдайбердіұлының діни ұстанымы	298
Слямбеков Қ. Шәкәрімтану мәселелері	300
Ғазизова А. Шәкәрім Құдайбердіұлының аудармалары жайында	302
Кенжеқожаева А. Шәкәрім Құдайбердіұлының өлеңдеріндегі көркемдік ерекшеліктер	304

Жалпы редакциясын басқарған:

филология ғылымдарының докторы, профессор К. Әбдезұлы

Жауапты редакторы:

филология ғылымдарының докторы, профессор К. Мәдібаева

Ұйымдастырушы:

«Ғылымға жол» жас зерттеушілер үйірмесі

Абайдың ақындық мектебі: халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары, 10 желтоқсан 2013 жыл.
– Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 308 бет.

ISBN 978-601-04-0313-0

Жинаққа 10.12.2013 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде өткен «Абайдың ақындық мектебі» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары енгізілді.

Конференция материалдары ГФ 1957 «Абай-Шәкәрім шығармашылығын зерттеудің жаңа ғылыми бағыттарын негіздеу мәселелері» ғылыми жобасы қаржысы есебімен шығарылды.

Ж. ДӘДЕБАЕВ
филология ғылымдарының
докторы, профессор, әл-Фараби атындағы ҚазҰ
«Абай» институтының директор

АБАЙ ЖӘНЕ ҚҰРАН

Абайдың адам болмысы, адам өмірінің мәні туралы ойларының мазмұны бай, мағынасы терең. Абайдың Жаратушы мен жаратылыс жайлы, адам туралы, адамның Аллаға қатысы, Алланы адамға қатысы, адамның өзін-өзі тануы туралы ойлары абайтану ғылымында біршама қарастырылды. Осы ретте белгілі бір арқапыптастырған, салдарлы, салықалы, ғылыми тұрғыда тиянақты ойлар жүйесін негіздеген екі ғұламаны арнайы атап көрсетудің жөні бар. Олардың біріншісі – Мұхтар Әуезов, екіншісі – Мекемтас Мырзахметов. Абайдың дүниетанымы, діні жайында М. Әуезовтің: «Абайдың діні – ақылдың, адамгершіліктің діні» [1, 180], «Абайдың діні – рационалдык сыншыл ақылдың шартты діні» [2, 145]. – деген тұжырымының негіздері М. Мырзахметов терең пайымдады, жана ғылыми пікірлермен байытты. «Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары», «Әуезов және Абай», «Абай және Шығыс», «Абайтану секілді монографиялық зерттеулерінде ғалым Абайдың шығармашылығындағы адамның өзін-өзі тануы, адам мен Алла арасы, адамның Аллаға, Алланың адамға қатысы туралы М. Әуезов білген, бірақ айта алмаған жайлардың мәні мен мәнісін парықтауға барды.

Абайдың әдеби мұрасында халықтың рухани әлемінің бағасын қазынасы көрініс тапқан. Оның қадірі мен қасиетін халықтың дәстүрлі мәдениеті, байырғы дүниетанымы өзегіндегі құндылықтар аясында ғана пайымдауға болады. Халықтың дәстүрлі мәдениетін, байырғы дүниетанымын түзген факторлар желісінің сөз өнерінің ілкідегі үлгілерінде де көрініс тапқан. Бұл ретте біздің дәуірімізге дейін жасаған Ахикар (б.з.д. VIII ғ.), Анахарсис (б.з.д. VI ғ.), Лұқман хакім (Дәуіт пайғамбардың замандасы), Конфуций (б.з.д. 551-479), Сократ (шам. б.з.д. 470-399)

күні кіруге болмайды деген есіктен кіріп ғажайып бір баққа, сол бақтағы тұнық хауызға қайран қалып, келін қонып жатқан тұстарға қарап тұрған тұста шығарма бітпей аяқталады.

«Әзім әңгімесі» – баяндау, суреттеу, оқиға өршіту тәсілдері шымыр, ширақ, құнарлы, суретті тілмен жазылған шығарма. Бөкен-салақ, қыстырылып қосылған артық қоспасыз таза, мінсіз өлен туындысы.

«Мын бір түн» желісімен баяндалғанның өзінде Абайдың бейнелеу, суреттеу, тіл қолданыс шеберлігі, Абайдың ақындық қолтанбасы айқын.

Бұл шығармада адамгершілік, ізгілік жайы, жолдан тайған жанның Алланың кәріне тап болмай қалуы мүмкін еместігі туралы тылсым дүниенің ақиқат тоқтамы әңгімеленген.

«Әзім әңгімесі» Абайдың кейіннен табылған шығармаларының бірі. Алғаш рет 1933 жылғы Абай шығармаларының жинағында басылым көрген. Шығарма туралы Мұхтар Әуезовтің айтуында бұл туындының қолжазбасы Ырысайдың Ысқағы деген Абай елінің адамынан алынған.

1939 жылғы жинақтың түсінігінде «Әзім әңгімесі» тұрғысында мәлімет берілген.

«Бас жағындағы біраз өлеңіне қарағанда бұл Абай шығармасы сияқты емес, әлсіз де, үстірт те көрінеді. Бірақ Тұраш Абайдың басылмаған сөздерін жинағанда осыны да Абайдікі болуға тиіс деп әкелін кіргізген еді. Оның дәлелі, осы өленді тауып берішіп Ырысайұлы Ысқақ деген Абайдың жақын туысканы «Әзімді» даусыз Абай сөзі депті. Ысқақ ерте күннен Абай сөзіне ұқыпты болып, көп жинаған туысканның бірі екен. Ол: «Абай мұны ерте уақытта өлен етіп, бір жазған сон, қайта қарамай тастаған еді. Мен сол уақытта жиыстырып алғанмын» – дейді екен. Өленнің бас жағында кездесетін шикілеу, жерлер, ескіріп, жыртылып қалған жазбадан Ысқақтың я шала көшіріп, я шала ұғынып, өз жанынан төлеу салып айтқан жері болса да ғажайып емес».

Абай мұрасын игеру әлі де жалғаса бермек.

Қанипаш Қайсаққызы МӘДІБАЙ,
әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университетінің
профессоры, ф.ғ.д.
Ақмарал Тамабекқызы ҚАРТАБАЕВА,
2-курс магистранты

АБАЙ ПОЭЗИЯСЫН ЗЕРТТЕУДЕГІ ТЫҢ ӨРІС

Абай өленінің өрнегін арнайы зерттеген Есмағамбет Ысмайылов пен Зейін Шашкиннің еңбегі туралы, көп жағдайда, абайтанудың мәселелері қозғалғанда айтыла бермейтіні байқалады.

Абай поэзиясын өлеңдік құрылым, түр, өлең жасау тәсілдері бағытында зерттеуде құнды тоқтамдар айтып, қисынды болжамдарға өріс ашу мәнінде маңызы бөлек зерттеулердің қағаберіс калуы Абай мұрасын тануда өзіндік орны болған зерттеуді ұмыттырып бара жатқаны да рас.

Осы еңбектегі абайтанудың қазіргі кезеңдегі өзекті мәселелерімен астасып жатқан өлең өлшеуі, өлең түрлері туралы ойларына қатысты тарқатып айтқан құбылыстар бар.

Зерттеушілер мәселені нақпа-нақ «тексеруден» бастайды. Абайдың бірнеше өленінің жалпы көлемі, тармақ саны жүйеленеді.

«Абай өлендеріне, өзіне дейін болған қазақтың ауыз әдебиеті түгелдей кіреді. Ауыз әдебиетте бар 11 буынды қара өлең, жыр, тақпақ, терме, толғау, мысалдау, арнау, даттау, ақыл-нақыл, үгіт, жоктау, жұмбақ-мақалдау түріндегі өлеңдердің бәрі бар. Бұл жағынан қарағанда Абай қазақтың нағыз әдебиетінің жуан ортасында, соның бір мықты қазығы сияқты» [1, 145 б.].

Осында авторлар пайымының 1935 жылғы Ғаббас Тоғжановтың Абайдың өлең түрлеріне қатысты айтатын болжамымен үндестік бары көрінеді.

Әрі қарай Е. Ысмайылов пен З. Шашкин Абайдағы 11 буынды өлеңдердің жайына ойысқан.

«Қазақтың әнге келтірін айтатын өлеңінің көбі 11 буынды өлең. Осы 11 буынды өлеңнің өлшемін Абай өте көп қолданған, оның

Әдебиеттер:

1. Қыраубаева А. Мен сорлы жокка ғашық болып өттім // Қазақ әдебиеті тарихының өзекті мәселелері. – Алматы: Қазақ университеті, 1993. – 144 б.
2. Құдайбердіұлы Ш. Роман, кара сөздер, мақалалар, аудармалар. – Алматы: Жібек жолы, 2007. – 2 т. – 440 б.
3. Майтанов Б.Қ. Қазақ романы және психологиялық талдау. – Алматы: Санат, 1996. – 335 б.

Қанипаш Қайсаққызы МӘДІБАЙ,
әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университетінің
профессоры, ф.ғ.д.
Ақмарал ҚАРТАБАЕВА,
2-курс магистранты

АБАЙДЫҢ ПОЭМАЛАРЫ

Абай Құнанбайұлы туған халқы ел тарихының тағы да бір кінйін, қыспақты кезеңінде ауыртпалығы мол дәуірлерінде ғұмыр кешті.

Әкесі Құнанбай балаларын оқыту үшін салдырған Ескі тамдағы мектептен сауат ашып, әрі қарай Семей қаласында бірер жыл оқыған, орыс оқуының да дәмін татып үлгірген Абай ел шаруасына әке қалауымен ерте араласқан.

Қазақ әдебиетінің тарихындағы аса ықпалды, орталық тұлға – қазақтың бас ақыны атанған Абайдың әдеби мұраны қазақ әдебиеттану ғылымында бір ғасырдан астам уақыттан бері зерттеліп, зерделеніп келеді. Сол негізде қалыптасып, дамып отырған абайтану ілімі – қазіргі қазақ әдебиеттануының өзекті арналарының бірі.

Абай мұрасы өмірбаяндық деректер, Абай өлендерінің сақталу, басылым жайы, жазылу мерзімі, жалпы көлемі, түпнұсқалық, жанрлық, дүниетанымдық, діни арқаулар, қазақтың жана жазба әдебиетінің қалыптасуындағы елеулі ықпалы мен қазақ әдеби тілі дамуындағы тарихи мәні, қазақ поэзиясындағы Абай

дәстүрі, Абайдың акындық айналасы, акын шәкірттері, акындық мектебі, кара сөздердің жайы, Абайдағы өлең түрлері, Абайдың көркем аударма тәжірибесі, т.б. тұрғыда сан-сала зерттеу бағыттарында зерделенін келеді.

Абай шығармаларының әр жылдардағы басылымдары мен Абайдың «Ескендір», «Масғұт», «Өзім әнгімесі» шығармалары «дастан» деп те, «поэма» деп те аталып жүр. Бұл тұрғыда абайтанушы ғалымдардың өзіндік ұстанымдары бар.

Әдебиет тарихының жоғары мектепке арналған оқулықтарының авторы, белгілі ғалым Ханғали Сүйіншәлиев Абайдың аталған шығармаларын Абайдың өзіндік түр іздеу жолында тосын бір жаналығы есебінде бағалайды.

«Дүниежүзі әдебиетін көп оқып, оның дастан-поэмалары сырына қанған Абай казак әдебиетіндегі поэма үлгілері қалыптасқан формаларға бейтарап қараған жоқ. Ол казак дағдылы эпостарына, жыр, толғауларына қанағаттанбай, жаңа форма іздейді, романтикалық поэманың мектебіне алғаш із тапты. Абай поэмалары өзінің композициялық, сюжеттік қасиеттері мен оқылықтарына қарамастан поэма тарихындағы елеулі орны жана бетбұрыс болды».

Абай шығармаларының жанрлық сипатын саралауында Т. Әлімқұлов өрісі қысқа өлеңде өлмес дүние жасап кеткен поэма профессионалды поэмаға бармағаны өкінішті деген ой айтқан.

«Ескендірдің» мазмұндық желісі әлем әдебиетіндегі поэма түрлермен үндес. Бұл тұрғыда Низамидің «Ескендір-намасы», негізінен туралы айтылады.

В. Жуковскийдің «Две повести» атты өлеңі, қоныс аударушы ескерткіші «Талмуд» сюжеті туралы тың пайымдаулар (С. Қасқабасов).

Поэмада арғы заман тарихындағы шапқыншылық жорық дәуірінің шындығымен астасқан Александр Македонский патшалық дәуірін жайлы аңыз Абайдың ақыл сарабынан Абайлық сабырмен баяндалады. Бұл шығармада Абайдың ар-адамгершілік ұстанымдар бағытындағы тұғырлы мұраты мен зерттеу тарихының ашық сабақтарын құлаққағыс етуімен маңызды түскен.